

Шетелде тұратын отандастармен мәдени-білім беру және ақпараттық байланыстарды қалыптастыру жөніндегі іс-қимылдар жоспарын әзірлеу бойынша ұсыныстарды дайындау үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 161-ө
Өкімі

Шетелде тұратын отандастармен мәдени-білім беру және ақпараттық байланыстарды қалыптастыру жөніндегі іс-қимылдар жоспарын әзірлеу бойынша ұсыныстарды дайындау мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Телебаев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ғазиз Тұрысбекұлы	вице-министрі, жетекші
Нұржанова	- Қазақстан Республикасы Мәдениет
Жанна Нұржанқызы	министрлігі Талдау және стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры, жетекшінің орынбасары
Сәрсенова	- Қазақстан Республикасы Мәдениет
Индира Досымбекқызы	министрлігі Талдау және стратегиялық жоспарлау департаменті зерттеу және талдау бағдарламалары басқармасының бастығы, хатшы
Берсебаев	- Қазақстан Республикасы Байланыс және
Болат Талапұлы	ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы
Тұңғышбеков	- Қазақстан Республикасы Ауыл
Санат Тұңғышбекұлы	шаруашылығы министрлігі Ауылдық аумақтар комитетінің төрағасы
Әбілқайыров	- Қазақстан Республикасы Экономикалық даму
Дәулет Мақсұтұлы	және сауда министрлігі Әлеуметтік саясат және мемлекеттік органдарды дамыту департаментінің директоры
Бибасов	- Қазақстан Республикасы Көлік және
Манат Мұратұлы	коммуникация министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры
Абылайхан	- Қазақстан Республикасы Білім және
Ақерке Абылайханқызы	ғылым министрлігі Стратегиялық жоспарлау

	және ақпараттық технологиялар
департаменті директорының орынбасары	
Үсіпбекова	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Варвара Жаппарғалиқызы	министрлігі Әлеуметтік саланың
	бюджеттік бағдарламаларын жоспарлау,
	орындалуын талдау және іске асырылуын
	бағалау департаменті директорының
орынбасары	
Шанаи	- Қазақстан халқы Ассамблеясы
Нәзипа Ыдырысқызы	Хатшылығының инспекторы (келісім
бойынша)	
Жақыпбеков	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Мұрат Сейілбекұлы	министрлігі Сыртқы саяси талдау және
	болжамдау комитетінің басқарма бастығы
Имашева	- Қазақстан Республикасы Әділет
Галина Жұманқызы	министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық
	көмек көрсету комитеті халықты
	құжаттандыру және тіркеу басқармасының
бастығы	
Сейітжанов	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Сабыржан Жарылқағанұлы	министрлігі Әкімшілік полиция комитеті
	азаматтық және иммиграция басқармасы
бастығының орынбасары	
Жақсығалиев	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Болат Сағидоллаұлы	министрлігі Азия және Африка
	департаментінің кеңесшісі
Ақылжанов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ринат Владимирович	қауіпсіздік комитетінің сарапшысы
(келісім бойынша).	

2. Жұмыс тобы 2011 жылғы 25 қаңтарға дейінгі мерзімде шетелде тұратын отандастармен мәдени-білім беру және ақпараттық байланыстарды қалыптастыру жөніндегі іс-қимылдар жоспарын әзірлеу бойынша ұсыныстарды дайындап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

